Конкурстық құжаттамаға
2-3-қосымша

Сатып алынатың қызметтердің техникалық ерекшелігі
(тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы	"Каспий" су тұщыту зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Ұйымдастырушының атауы	"Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі
Лоттың №	88467488
Лоттың атауы	Күзет қызметтері
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	801012.000.000002
Қызметтің атауы:	Күзет қызметтері
Өлшем бірлігі:	Бір қызмет
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын қоспағанда бірлік бағасы:	43200000
Қосылған құн салығын қоспағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	43200000
Қызметтерді көрсету мерзімі:	2027 жылғы 1 қаңтардан 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін (Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша)
Қызметтерді көрсету орны:	Маңғыстау облысы, Ақтау қ. Өндірістік аймақ 4, 74 ғимарат
Аванстық төлем мөлшері:	0
Кепілдік мерзімі (айлармен)	12

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы:	Объектіні күзету қызметтерін көрсетуге арналған ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА Тапсырыс беруші: «Каспий су тұшыту зауыты» ЖШС. Сатып алу нысанасы: «Каспий су тұшыту зауыты» ЖШС-не (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) күзет қызметтерін көрсету. Қызмет көрсету мерзімі: 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда. Қызмет көрсету орны: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 4-өнеркәсіптік аймақ, № 74 «Каспий су тұшыту зауыты» ЖШС аумағы (бұдан әрі – Объект). ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР Осы техникалық ерекшелік Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы № 85-II «Күзет қызметі туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Тапсырыс берушінің объектілерін физикалық күзету қызметтерін көрсетуге қойылатын талаптарды айқындайды. Заңның 1-бабына сәйкес күзет ұйымы – мемлекеттік тіркеуден өткен және белгіленген тәртіппен күзет қызметін жүзеге асыруға лицензия алған, жеке тұлғалардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың мүлкін құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан қорғау бойынша қызмет көрсетуге маманданған заңды тұлға. Күзет ұйымы (бұдан әрі – Өнім беруші/Орындаушы) Тапсырыс берушінің объектілерін тәулік бойы физикалық күзетуді, белгіленген өткізу және объектішілік режимдерді сақтауды, күзет және өрт жүйелерінің жай-күйін бақылауды, күзеттің техникалық құралдарына мониторинг жүргізуді, сондай-ақ осы техникалық ерекшелікте және шартта көзделген өзге де міндеттерді орындауды қамтамасыз етеді. КҮЗЕТІЛЕТІН ОБЪЕКТІЛЕР Күзетілуге әкімшілік және өндірістік ғимараттар, қоймалар, цехтар, материалдық құндылықтарды сақтау орындары, инженерлік және технологиялық объектілер, автотұрақтар, өндірістік алаңдар, сондай-ақ Тапсырыс берушінің аумағында орналасқан өзге де объектілер жатады. Күзетілетін объектілердің атауы мен орналасқан жері, сондай-ақ күзет бекеттерінің нақты орналасуы туралы мәліметтер шарт жасалғаннан кейін Тапсырыс беруші айқындаған тәртіппен Өнім берушіге ұсынылады. Көрсетілген мәліметтер таралуы шектеулі ақпаратқа жатады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Өнім беруші оларды үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндетті. 1. КҮЗЕТ ПЕРСОНАЛЫНА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАБДЫҚТАЛУЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 1.1. Қызмет көрсетуге тартылатын Орындаушының күзетші лауазымындағы қызметкерлері Қазақстан Республикасының «Күзет қызметі туралы» Заңының 10-бабының талаптарына сәйкес келуге және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен күзетшінің арнайы даярлығынан өтуге тиіс. 1.2. Өнім беруші қызмет көрсетуге тартылатын қызметкерлерді арнайы құралдармен, ал Тапсырыс беруші жекелеген бекеттерде қарулы күзет ұйымдастыру қажеттілігін негіздеп белгілеген жағдайда, Қазақстан Республикасының «Күзет қызметі туралы» Заңында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен қызметтік қарумен қамтамасыз етеді. Қаруды сатып алу, тіркеу, есепке алу, сақтау, беру, алып жүру және қолдану заңнамада

	белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Қару берілетін қызметкерлер қажетті даярлықтан өтуге және заңнамада көзделген рұқсат құжаттарына ие болуға тиіс. Қызметтік қаруға атыс патрондарымен жарақат салатын әсері бар оқ-дәрілерді қолдану мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруы, газды қару, қысқа ұңғылы тегіс ұңғылы және ойық ұңғылы атыс қаруы, сондай-ақ ұзын ұңғылы тегіс ұңғылы және ойық ұңғылы атыс қаруы жатады. 1.3. Қызметтік қару мен арнайы құралдарды сақтау, күтіп ұстау және қауіпсіз пайдалану үшін жауапкершілікті Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші қаруды сақтау үшін жауапты болмайды. 1.4. Өнім берушінің қызметкерлері сыртқы келбетке, қызметтік тәртіпке және қызмет атқару қағидаларына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті. Бір қызметкердің күзет бекетінде қатарынан 24 сағаттан артық қызмет атқаруына жол берілмейді. 2. КҮЗЕТ БЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ КЕЗЕКШІЛІК РЕЖИМІ 2.1. Объектіде күзетті ұйымдастырудың мынадай көрсеткіштері белгіленеді: • күзет бекеттерінің жалпы саны – 4 (төрт); • Объектіде қызмет атқаратын Орындаушы персоналының жалпы саны – 11 (он бір) адам; • тәуліктік күзет жасағының саны – 5 (бес) адам, ауысымның аға күзетшісін қоса алғанда; • күзет ауысымдарының аға қызметкерлері – 2 (екі) адам, ауысыммен жұмыс істейді (күндізгі және түнгі ауысымдар). 2.2. Күзет бекеттерінің тізбесі және сипаттамасы: 1) № 1 бекет – № 1 бақылау-өткізу пункті (БӨП). Бекетте барлық Объект бекеттеріндегі қызмет атқаруды жалпы басқаруды, үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыратын күзет ауысымының аға қызметкері қызмет атқарады. № 1 бекетте бекітілген кестеге сәйкес жұмыс, демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, күзет ауысымдарының аға қызметкерлерінің үздіксіз кезекшілігі ұйымдастырылады. Дүйсенбіден жұмаға дейінгі жұмыс күндері сағат 08:00-ден 18:00-ге дейін кезекші ауысымға жалпы басшылықты № 1 бекетте орналасқан ауысымның аға қызметкері жүзеге асырады. Қалған уақытта кезекшілік пен бақылауды кестеге сәйкес ауысымдық аға қызметкерлер жүзеге асырады. Ауысымның аға қызметкерінің негізгі міндеттері: • барлық бекеттердегі қызмет атқаруды басқару, үйлестіру және бақылау; • өрт және күзет дабылдары жүйелерінің, сондай-ақ бейнебақылау жүйесінің мониторингін жүргізу; • өткізу және объектішілік режимдердің сақталуын бақылау; • есепке алу журналдарын жүргізу, қызметкерлер мен келушілерді тіркеу; • демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, бекеттердегі қызмет атқаруды тексеру; • № 1 бекеттегі FaceID және СКУД жүйелерінің жұмысқа қабілеттілігін бақылау. № 1 бекеттегі күзетші (бекет қызметкері) FaceID және СКУД жүйелерінің жұмысын, Объект аумағына кіру және одан шығу тәртібінің сақталуын тұрақты бақылауды жүзеге асырады. Ақаулар, іркілістер немесе өткізу режимін бұзу жағдайлары анықталған кезде ол бұл туралы өзінің тікелей басшысына және Тапсырыс берушінің жауапты өкіліне дереу хабарлайды. 2) № 2 бекет – № 2 БӨП. Жұмыс режимі – тәулік бойы, бір күзетші. Міндеттері: іргелес аумақты патрульдеу; өткізу және объектішілік режимдерді бақылау; адамдардың кіруі мен

	шығуын, автокөліктің кіруі мен шығуын есепке алу. 3) № 3 бекет. Жұмыс режимі – тәулік бойы, бір күзетші. Міндеттері: бекітілген аумақты патрульдеу; теміржол көлігі қозғалысы кезінде өткізу және объектішілік режимдерді бақылау. 4) № 4 бекет. Жұмыс режимі – тәулік бойы, бір күзетші. Міндеттері: Объект аумағын патрульдеу; өткізу және объектішілік режимдерді бақылау. Күзеттің барлық қызметкерлері өз міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, шарт талаптарын және Тапсырыс берушімен келісілген лауазымдық нұсқаулықтарды басшылыққа алады. 3. ОРЫНДАУШЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ 3.1. Өнім беруші өз күшімен және өз қаражаты есебінен мыналарды қамтамасыз етеді: • қызметтік қаруды сақтау, оған қызмет көрсету және қауіпсіз пайдалану; • қызметкерлерді Объектіге жеткізу және кері тасымалдау; • қызметкерлерді тамақтандыру; • күзет үй-жайларын жабдықтау және тиісті жағдайда ұстау (абаттандыру); • бекетте қаруды заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес сақтауға арналған сейфтің болуы. 3.2. Өнім беруші демалыс және мереке күндерінсіз, тәулік бойы үздіксіз қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді және қызметкерлерді уақтылы ауыстыруды ұйымдастырады. Күзет бекеттері мен Объект күзетсіз қалмауға тиіс. 3.3. Төтенше жағдай, өрт немесе өзге де оқиға орын алған кезде Өнім беруші күзет ұйымының өкілеттіктері шегінде бастапқы шараларды дереу қабылдауға, Тапсырыс берушінің жауапты тұлғаларына хабарлауға, қажет болған жағдайда шұғыл қызметтер мен құқық қорғау органдарын шақыруға міндетті. 3.4. Өнім беруші құрамында кемінде 3 (үш) қызметкері бар жедел әрекет ету тобының (ЖӘТ) келуін қамтамасыз етеді: күндізгі уақытта дабыл сигналы түскен сәттен бастап 15 минуттан кешіктірмей, түнгі уақытта 10 минуттан кешіктірмей. ЖӘТ орналасатын орын Орындаушы тарапынан көрсетілген келу уақытын ескере отырып айқындалады. 3.5. Өнім беруші орталықтандырылған бақылау пультіне (ОБП) сигналдарды тәулік бойы қабылдау мүмкіндігін, жедел әрекет ету тобының, автокөліктің және қызмет көрсетуге қажетті техникалық құралдардың болуын қамтамасыз етеді. Көрсетілген ресурстар Өнім берушінің меншігінде болуы немесе қызметтердің үздіксіздігі мен тиісті сапасын қамтамасыз ететін өзге де заңды негізде пайдаланылуы мүмкін. 3.6. Өнім беруші Тапсырыс берушінің аумағында қоғамдық тәртіпті сақтауды және белгіленген режимнің орындалуын қамтамасыз етеді. Құқыққа қайшы әрекеттер немесе төтенше оқиғалар анықталған жағдайда ол аумақтық полиция органдарына және Тапсырыс берушінің жауапты өкілдеріне дереу хабарлайды. 3.7. Күзетілетін объектілерден келіп түсетін дабыл сигналдары ЖӘТ-ті жедел жіберу үшін Орындаушының ОБП-не келіп түседі, қажет болған жағдайда шұғыл қызметтер мен құқық қорғау органдарына бір мезгілде хабарланады. 4. КҮЗЕТТІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН БАҚЫЛАУ ПУЛЬТІ 4.1. Өнім беруші Тапсырыс беруші көздеген күзеттің техникалық құралдарын ОБП-ге қосуды, қосу актісін ресімдеуді және келіп түсетін сигналдарға тәулік бойы мониторинг жүргізуді қамтамасыз

	етеді. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және техникалық қызмет көрсету Өнім беруші тиісті қызмет түріне қойылатын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтаған жағдайда ғана орындалады. 4.2. Орындаушының ОБП-і күзет дабылы жүйелері мен дабыл түймелерінен сигналдарды тәулік бойы қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс. Сондай-ақ Өнім беруші кезекші диспетчері бар арнайы диспетчерлік үй-жайдың болуын қамтамасыз етеді. 4.3. Егер техникалық қызмет көрсету сатып алынатын қызметтер көлеміне енгізілген болса, Өнім беруші оны шартта көзделген кезеңділікпен және көлемде, Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті қызмет түріне қойылатын талаптарын сақтай отырып жүргізеді. Егер сатып алу нысанасы тек физикалық күзету және сигналдарға мониторинг жүргізу болса, жабдықтарға техникалық қызмет көрсету осы сатып алу көлеміне енгізілмейді. 4.4. Жабдықтың ақаулары қысқа мерзімде жойылады; қажет болған жағдайда Өнім беруші жабдық элементтерін, оның ішінде дабыл түймелерін ауыстырады. 4.5. Өнім беруші ОБП арқылы сигналдарды үздіксіз қабылдауды және қажет болған жағдайда ақпаратты ішкі істер органдарының кезекші бөліміне жедел беруді қамтамасыз етеді. 4.6. Тапсырыс берушінің күзетілетін объектілерін ОБП-ге қосу, оның ішінде қажетті жабдықтарды, байланыс арналары мен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу, баптау, бағдарламалау және пайдалануға беру Орындаушының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады. 5. АРНАЙЫ КИІМ, МАУСЫМДЫҚ ЖАБДЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІК ЖАБДЫҚТАР 5.1. Күзет қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 142 бұйрығымен бекітілген күзет ұйымдары қызметкерлерінің арнайы киім үлгілеріне сәйкес келетін арнайы киіммен қызметтік міндеттерін орындайды. 5.2. Арнайы киім таза, үтіктелген, ұқыпты, бүтін, жарамды және белгіленген үлгіге сәйкес болуы тиіс. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде қызметкерлер көзделген сәйкестендіру белгілерін, оның ішінде «Күзет» төсбелгісін, арқасындағы «Күзет» жазуын, жеңіндегі және бас киіміндегі белгілерді, сондай-ақ қолданыстағы талаптарда көзделген жағдайда бейджді тағып жүруге міндетті. 5.3. Өнім беруші қызметкерлерді қызмет жағдайлары мен ауа райы жағдайларын ескере отырып, жазғы, қысқы және жылы арнайы киіммен, сондай-ақ сыртқы бекеттерде қызмет атқаруға арналған арнайы аяқ киіммен өз қаражаты есебінен қамтамасыз етеді. 5.4. Сыртқы бекеттердің қызметкерлері нақты ауа райы жағдайларын ескере отырып, жылы арнайы киіммен, бас киіммен және арнайы аяқ киіммен қамтамасыз етілуге тиіс. 5.5. Өнім беруші қызметкерлерді жаңбырдан қорғайтын су өткізбейтін киіммен (жаңбыр өткізбейтін киім немесе капюшоны бар плащ-накидка) қамтамасыз етеді. Киім ауа райы жағдайларына сәйкес келуге және қызметтік міндеттерді қауіпсіз орындауға мүмкіндік беруге тиіс. Киім Орындаушының қаражаты есебінен беріледі және жарамды күйде ұсталады. 5.6. Өнім беруші қызметкерлерді міндеттерін орындауға қажетті жарамды құралдармен, оның ішінде байланыс құралдарымен

	және радиостанциялармен, шамдармен, қызметтік журналдармен, күзет бекетінің жабдықтарымен, ауа райы жағдайларын ескеретін құралдармен, жеке қорғаныс құралдарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген өзге де құралдармен қамтамасыз етеді. 5.7. Бекеттерде Тапсырыс берушінің жауапты тұлғаларымен және Орындаушының ауысым бастығымен жедел байланыс орнату мүмкіндігі болуы тиіс. Байланыс құралдарының істен шығуы қызмет көрсетуді тоқтатуға немесе бекетті күзетсіз қалдыруға негіз болып табылмайды. 6. КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ Күзет қызметкерлері міндетті: • Тапсырыс берушінің аумағын, өндірістік және әкімшілік ғимараттарын күзетуді жүзеге асыруға; • белгіленген патрульдеу кестесіне сәйкес ішкі және іргелес аумақтарды аралап тексеруге; • өздеріне бекітілген күзет бекетінде болуға және рұқсатсыз оны тастап кетпеуге; • өткізу және объектішілік режимдерді сақтауға; • Объектіге рұқсатсыз кіруге және мүлікті заңсыз алып шығуға (әкетуге) жол бермеуге; • адамдардың кіруі мен шығуын, көлік құралдарының кіруі мен шығуын бақылауға; • күмәнді жағдайлар мен оқиғалар туралы ауысым басшысына және Тапсырыс берушінің жауапты өкіліне дереу хабарлауға; • қызметтік құжаттаманы жүргізуге, ауысымды белгіленген тәртіппен қабылдауға және тапсыруға; • күзет және өрт дабылы жүйелерінің, бейнебақылау жүйесінің және өзге де қауіпсіздік жүйелерінің мониторингін жүзеге асыруға; • Объектіні күзетуді қамтамасыз етуге қатысты Тапсырыс берушінің заңды талаптарын орындауға. 7. ӨТКІЗУ РЕЖИМІ, КӨЛІК ЖӘНЕ МҮЛІКТІҢ ОРЫН АУЫСТЫРУЫ 7.1. Күзет қызметкерлері Тапсырыс берушінің қызметкерлерінің, келушілердің, мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің кіруі мен шығуын бақылайды. Тиісті рұқсаты жоқ адамдарды өткізуге жол берілмейді. 7.2. Объектіге жабдықтар мен өзге де мүлікті кіргізу және оны сыртқа шығару Тапсырыс беруші белгілеген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады. 7.3. Тауарлық-материалдық құндылықтарды, жабдықтарды, материалдарды және өзге де мүлікті сыртқа шығаруға рұқсат құжаттары болған жағдайда жол беріледі. Күзетші құжаттарды тексереді; мүлікті шығарудың заңдылығына күмән туындаған жағдайда белгіленген режим шеңберінде рәсімдеуді тоқтата тұрады және Тапсырыс берушінің жауапты тұлғасына дереу хабарлайды. 7.4. Күзетшілер Объектіге кіретін және одан шығатын көлік құралдарын бақылайды. Қажет болған жағдайда көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі, жүргізушінің деректері, кіру және шығу уақыты, тасымалданатын мүлік туралы мәліметтер тіркеледі. 8. ОБЪЕКТІШІЛІК РЕЖИМ 8.1. Өнім беруші Тапсырыс беруші белгілеген объектішілік режимнің сақталуын қамтамасыз етеді. 8.2. Күзет қызметкерлері адамдардың белгіленбеген орындарда болуына, рұқсатсыз фото- және бейнетүсірілім жүргізуіне, Тапсырыс берушінің рұқсатынсыз материалдық құндылықтарды орын ауыстыруына, белгіленген тәртіпті бұза отырып жұмыстар жүргізуіне және қауіпсіздік режимін өзге де бұзу жағдайларына жол бермейді. 9. ОҚИҒАЛАР КЕЗІНДЕГІ ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ ОҚИҒА ОРНЫН КҮЗЕТУ 9.1. Ұрлық, тонау,

	қарақшылық, мүліктің бүлінуі, заңсыз кіру, өрт, авария, инженерлік желілердің авариясы, төтенше жағдай, күмәнді заттар немесе күзет режимін өзге де бұзу жағдайлары анықталған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушінің жауапты тұлғасына, ал қажет болған жағдайда шұғыл қызметтер мен құқық қорғау органдарына дереу хабарлайды. 9.2. Оқиға орын алған жағдайда Өнім беруші өз өкілеттіктері шегінде оқиға орнын күзету, бөгде адамдардың кіруін шектеу және уәкілетті органдар келгенге дейін оқиға жағдайын сақтау шараларын қабылдайды. Бұл ретте құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын әрекеттерді орындауға жол берілмейді. 10. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ 10.1. Өнім беруші қызмет көрсету кезеңінде және шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін де өз міндеттемелерін орындауға байланысты өзіне белгілі болған ақпараттың, оның ішінде Тапсырыс беруші, оның қызметі, Объект, мүлкі, қызметкерлері және техникалық қорғау құралдары туралы мәліметтердің құпиялылығын сақтайды. 10.2. Құпия ақпаратқа мыналар жатады: объектілердің орналасуы, құрылымы, инженерлік коммуникациялары мен инфрақұрылымы туралы мәліметтер; күзет бекеттерінің орналасуы мен саны және қызмет атқару кестелері; өткізу және объектішілік режимдер; бейнебақылау, күзет-өрт дабылы, СКУД және өзге де қауіпсіздік құралдарының схемалары мен жұмыс режимдері; материалдық құндылықтар және оларды сақтау орындары; қызметкерлердің, келушілердің және көлік құралдарының дербес деректері; рұқсаттамалар, рұқсат құжаттары, журналдар, тізімдер және өзге де есепке алу құжаттары; Объект аумағынан алынған фото-, бейнематериалдар, аудиожазбалар және электрондық деректер; коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер. 10.3. Өнім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз осындай мәліметтердің үшінші тұлғаларға жария етілуіне немесе берілуіне жол бермеу үшін қажетті шараларды қабылдайды. 11. КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰЖАТТАМАСЫ Өнім беруші күзет бекетін қабылдау және тапсыру журналдарын, келушілерді тіркеу журналдарын, көлік құралдарын тіркеу журналдарын, оқиғаларды тіркеу журналдарын, нұсқамалар өткізу журналдарын, сондай-ақ Объектіні күзетуді тиісті деңгейде ұйымдастыру үшін қажетті өзге де құжаттаманы жүргізуді қамтамасыз етеді. 12. ҚЫЗМЕТ САПАСЫН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУДЫ ТЕКСЕРУ Қызмет атқаруды бақылау және тексеру тәртібі: 12.1. Тапсырыс беруші (оның уәкілетті өкілдері) кез келген уақытта алдын ала хабарламай-ақ қызметтердің сапасын, көлемін және көрсетілу тәртібін, бекеттердің жай-күйін (оның ішінде түнгі уақытта), күзетшілердің қызмет атқаруын, арнайы киім мен қызметтік жабдықтардың болуын және сәйкестігін, өткізу және объектішілік режимдердің сақталуын, журналдардың жүргізілуін, сондай-ақ ауысымды қабылдау және тапсыру тәртібін тексеруге құқылы. 12.2. Өнім беруші Шарт бойынша күзетуге қабылданған барлық бекеттерді жүйелі түрде тексеруді қамтамасыз етеді. Тексерулер Орындаушы басшысының бұйрығымен

	(өкімімен) Орындаушының басшылық құрамынан, күзет қызметтері бастықтарынан немесе Орындаушының білікті инспекторлық штатынан тағайындалатын күзет қызметінің инспекторы (қызмет атқаруды бақылау жөніндегі инспектор) арқылы жүзеге асырылады. 12.3. Орындаушы инспекторының бекеттерді жоспарлы тексеруі түнгі уақытта аптасына кемінде 1 (бір) рет жүргізіледі. Жоспардан тыс тексерулер Орындаушының басшысы тарапынан тағайындалады немесе қызмет атқаруға қатысты ескертулер болған жағдайда Тапсырыс берушінің жазбаша (оның ішінде электрондық) талабы бойынша жүргізіледі. 12.4. Әрбір тексеру нәтижесі бойынша Орындаушының инспекторы № 1 бекетте орналасқан Қызмет атқаруды тексеру журналына тиісті жазба енгізеді. Жазбада тексеру күні мен уақыты, бекеттің нөмірі (атауы), анықталған ескертулер/бұзушылықтар және қабылданған жедел шаралар көрсетіледі. 12.5. Бұзушылықтар анықталған жағдайда Орындаушының инспекторы өз өкілеттіктері шегінде оларды жою бойынша дереу шаралар қабылдайды, Орындаушының басшылығына және Тапсырыс берушінің жауапты өкіліне хабарлайды. Өнім беруші Тапсырыс беруші немесе инспектор анықтаған барлық кемшіліктерді бұзушылықтың сипатын ескере отырып, Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде жоюға міндетті. 13. ҚЫЗМЕТ АТҚАРУ ТӘРТІБІНІҢ ДӨРЕКІ БҰЗЫЛУЫ Дөрекі бұзушылықтарға мыналар жатады: • Объектіні немесе күзет бекетін өз бетінше тастап кету; • күзетуге қабылданған үй-жайларды өз бетінше ашу; • алкогольді, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды немесе олардың аналогтарын пайдалану, сондай-ақ қызметке мас күйінде келу; • бөгде адамдар мен автокөлікті рұқсатсыз өткізу; • ішкі тәртіп қағидалары мен Объект режимін сақтамау; • ауысым кестесін бұзу; • патрульдеу кестесін бұзу (күндізгі уақытта сағат 08:00-ден 17:00-ге дейін – әрбір 2 сағат сайын; түнгі уақытта, сондай-ақ демалыс және мереке күндері – әрбір сағат сайын); • арнайы киім мен сыртқы келбеттің белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; • қызметтік куәліктің болмауы; • белгіленген талаптар мен тиесілік табелінде көзделген жағдайда жеке қорғаныс құралдарының, шамның, металл іздегіштің, арнайы құралдардың және/немесе атыс қаруының болмауы; • Тапсырыс берушінің, мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерімен немесе келушілермен дөрекі немесе әдепсіз қарым-қатынас жасау; • қызмет атқару кезінде ұйықтау немесе қалғып кету; • белгіленбеген орындарда күзет бекеттерінде тамақ дайындау немесе ашық отты пайдалану; • қызмет атқару кезінде жеке мақсатта жеке радио-, теле- және бейнеқұрылғыларды, ұялы телефондарды, планшеттерді, ноутбуктерді немесе компьютерлерді пайдалану; • қызметтік міндеттерге қатысы жоқ бөгде заттарды, хаттар мен сәлемдемелерді қабылдау немесе беру. 14. ОБЪЕКТІЛЕРДІ КҮЗЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ТАПСЫРУ 14.1. Материалдық құндылықтар орналасқан қоймалар мен үй-жайларды күзетке күнделікті тапсыру Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің уәкілетті өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады. Объектіні күзетке тапсыру кезінде құлыптау құрылғыларының, пломбалар мен мөрлердің (олар болған жағдайда) бүтіндігі тексеріледі,

	содан кейін объектіні күзетке қабылдау-тапсыру журналына тапсыру күні мен уақыты, сондай-ақ тараптардың жауапты өкілдерінің тегі мен қолдары көрсетілген тиісті жазба енгізіледі. 14.2. Ашық алаңдардағы материалдық құндылықтарды қабылдау және тапсыру тараптардың жауапты өкілдері арқылы ірі көлемді заттарды санау жолымен жүзеге асырылады және Объектіні күзетке қабылдау журналында белгіленеді. 14.3. Пломбаларды алу және қоймаларды, үй-жайларды, сондай-ақ ашық сақтау алаңдарын ашу Тапсырыс беруші мен Орындаушының жауапты өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады. 14.4. Егер үй-жай немесе алаң Орындаушы өкілінің қатысуынсыз ашылған болса немесе Тапсырыс беруші тарапынан күзеттен ешқандай ескертусіз қабылданған жағдайда, сондай-ақ кіру іздері және пломбалардың, мөрлердің, құлыптардың және бекіту құрылғыларының бүліну белгілері болмаған кезде, Өнім беруші сол жерде болған материалдық құндылықтардың сақталуына жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, келтірілген залалды өтемейді. 15. ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ 15.1. Тапсырыс беруші Өнім берушінің қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерін сапалы, толық және тиісінше орындауын бақылауға, бекеттердегі қызмет атқаруды тексеруге және анықталған бұзушылықтарды белгіленген тәртіппен жоюды талап етуге құқылы. 15.2. Тапсырыс беруші Өнім берушіге қызмет көрсету үшін қажетті жағдайларды, оның ішінде шартта көзделген жағдайда қызметтік үй-жай мен электр энергиясын ұсынуға, сондай-ақ шартқа сәйкес нақты көрсетілген және қабылданған қызметтер үшін уақтылы ақы төлеуге міндетті. 15.3. Тапсырыс беруші Өнім берушіге күзетті ұйымдастыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде өткізу және объектішілік режимдер туралы мәліметтерді, объектілерге кіруге құқығы бар тұлғалар мен көлік құралдарының тізімдерін, сондай-ақ үй-жайларды күзетке тапсыруға уәкілетті тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынады. Объектілердің нақты орналасқан жері және күзет бекеттерінің орналасуы туралы мәліметтер шарт жасалғаннан кейін Тапсырыс беруші айқындаған тәртіппен Өнім берушіге беріледі. 15.4. Оқиға анықталған жағдайда Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің өкілдері қажет болған кезде белгілі болған мән-жайларды, уақытын, орнын, анықталған зақымдарды және қабылданған бастапқы шараларды сипаттайтын акт жасайды. Мұндай актіні жасау оқиғаның мән-жайларын уәкілетті мемлекеттік органдардың анықтауын алмастырмайды және кінәнің бар-жоғы немесе залал мөлшері туралы мәселені алдын ала шешпейді. 16. ОРЫНДАУШЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ 16.1. Өнім беруші міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және шарт талаптарына сәйкес жауапты болады. 16.2. Бұзушылықтарға, атап айтқанда, мыналар жатады: күзет бекетін күзетсіз қалдыру; өткізу немесе объектішілік режимді бұзу; міндеттерді тиісінше орындамау салдарынан адамдардың рұқсатсыз кіруі немесе мүліктің заңсыз шығарылуы (әкетілуі); күзетшінің кешігуі немесе жұмысқа шықпауы; арнайы киім мен жабдықтарға қойылатын

	талаптарды сақтамау; оқиға туралы уақтылы хабарламау; құжаттаманы тиісінше жүргізбеу; қызметтерді өзге де тиісінше көрсетпеу жағдайлары. 16.3. Қызметтер тиісінше көрсетілмеген, белгіленген режимдер мен мүлікті орын ауыстыру тәртібі бұзылған, сондай-ақ мүлік ұрлық, тонау немесе қарақшылық арқылы жымқырылған жағдайда, Өнім беруші өзінің кінәсі және Орындаушының әрекеттері (әрекетсіздігі) мен келтірілген залал арасындағы себеп-салдарлық байланыс болған кезде жауапты болады. 16.4. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) мемлекеттік сатып алу туралы шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мөлшерде және тәртіппен қолданылады. 17. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ 17.1. Қызметтер ай сайын көрсетілген қызметтер актісі негізінде қабылданады. 17.2. Қызметтерді қабылдау кезінде Тапсырыс беруші нақты көрсетілген қызметтерді, күзет бекеттерінің үздіксіз жұмыс істеуін, күзетшілердің нақты санын, арнайы киім мен жабдықтарға қойылатын талаптардың сақталуын, өткізу және объектішілік режимдердің орындалуын, құжаттаманың жүргізілуін және анықталған бұзушылықтарды ескеруге құқылы. 17.3. Анықталған кемшіліктер Тапсырыс беруші тарапынан көрсетілген қызметтер актісінде оларды белгіленген мерзімде жою туралы талаппен көрсетілуі мүмкін.
Әлеуетті өнім берушіні жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда әлеуетті өнім берушіге қойылатын талаптар(қажет болған жағдайда көрсетіледі) (көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін әлеуетті өнім берушіні қабылдамауға әлеуетті өнім берушіні қабылдамауға жол берілмейді)	-

Приложение 2-3
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых услуг (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Товарищество с ограниченной ответственностью "Опреснительный завод "Каспий"
Наименование организатора	Государственное учреждение "Управление государственных закупок Мангистауской области"
Номер лота	88467488
Наименование лота:	Услуги охраны
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:	801012.000.000002
Наименование услуги:	Услуги охраны
Единица измерения:	Одна услуга
Количество(объем):	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:	43200000
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:	43200000
Срок оказания услуги:	с 1 января 2027г. по 31 декабря 2027г. (по заявке Заказчика)
Место оказания услуги:	Мангистауская область, г.Актау Промышленная зона 4, здание 74
Размер авансового платежа:	0
Гарантийный срок (в месяцах)	12

